



Бекітемін  
Мектеп директоры  
Г.З. Кембебаева

### 2023-2024 оқу жылындағы «Ізденіс» тобының жылдық жұмыс жоспары

**Мақсаты:**

- Жаңартылған бағдарламаның ғылыми әдістемелік негіздерін зерделеу;
- Мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасуына жағдай жасау;
- Педагогтардың кәсіби құзырлылық деңгейін жетілдіру;

**Міндеттері:**

- Жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымымен, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретімен, мазмұны мен мақсаттарымен танысу;
- Жаңартылған білім беру бағдарламасындағы сәйкес келетін педагогикалық тәсілдерді түсіну және қолдана білу;
- Мұғалімдердің бойында орта білім мазмұнын жанарту жағдайында жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті дағдыларды қалыптастыру;

**Күтілетін нәтиже**

- Жаңартылған білім беру бағдарламасының мақсаттарын, міндеттерін құрылымы мен мазмұнын біледі;
- Жаңартылған бағдарламаға сәйкес педагогикалық тәсілдерді, оқу материалдарын қолдана алады;

№	Өткізілетін іс-шаралар	Мазмұны	Мерзімі	Жұмыс формасы	Жауапты мұғалімдер	Ескертпе
1	Ұйымдастыру жұмыстары	2023-2023 оқу жылына арналған «Ізденіс» шығармашылық тобына жылдық жұмыс жоспарымен таныстыру	Қыркүйек	отырыс	Топ мүшелері	
2	«Жаңартылған білім беру мазмұны: ізденіс және тәжірибе»	Жаңартылған білім беру бағдарламасының мақсаты, мазмұны, ондағы материалдардың күрделілігінің осу ретімен таныстыру	Қыркүйек	Семинар	Топ мүшелері	
3	Пәндер бойынша орта мерзімді (күнтізбелік-тақырыптық) жоспар, қысқа мерзімді жоспар құруда тренерлік сабақ	Орта мерзімді жоспар, қысқа мерзімді жоспар құруда мұғалімдерге әдістемелік көмек беру	Қыркүйек	Таныстырылым	Алтаева Қ Төлегенова Н	
4	Жас мамандардың педагогикалық кәсіптік шеберлігін арттыру	Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету	Қазан	коучинг	Тәлімгерлер	
5	«ҚМЖ құру және сабақ жоспарын жақсартудың қаламдары»	Мұғалімдерге ҚМЖ құру және сабақ жоспарын жана үлгіде көрсету	Қараша	Шебер сынып	Төлегенова Н	
6	Оқыту мен тәрбиелеудегі құндылыққа бағытталған тәсіл	Оқыту мен тәрбиелеудегі құндылыққа бағытталған тәсілдің ерекшеліктері	Қараша	коучинг	Қайргали Д	
7	Компьютерлік сауаттылық	Жаһандық құзыреттілік пен креативті ойлауды дамыту үшін цифрлық технологияларды сауатты пайдаланудың	желтоқсан	Шебер сынып	Үркінбаева Г	

	маңыздылығы				
8 «Кері байланыс кагидаттары»	Ауызша және жазбаша мейілінше сындарлы кері байланыс беруге ықпал жасау, кері байланыс жасау әдістерін көрсету	Желтоқсан	коучинг	Ибрагимова Б	
«Дарынды балаларды оқытудың тиімді тәсілдері»	Мұғалімдерге дарынды балаларды оқытудың тиімді әдістерін көрсету, тәжірибе алмасу	желтоқсан	коучинг	Оспанова А	
STEM/STEAM технологияларына негізделген тәсіл	STEM/STEAM технологияларына негізделген тәсілді сабақта қолдану	қаңтар	семинар	Жайлауов Н	
«Жас келсе, іске» жас мамандарға арналған ашық есік күні	Жас мамандармен іс- тәжірибе алмасу	қаңтар	сабақтар	Топ мүшелері	
Оқыту үдерісінде әдіс – тәсілдермен алмасу	Жанартылған бағдарлама мазмұны бойынша мұғалімдердің өзара іс- тәжірибе алмасуына ықпал ету	жыл бойы	сабақтар	Топ мүшелері	
«Интербелсенді әдіс-тәсілдер»	Интербелсенді әдіс тәсілдердің тиімділігін көрсету	ақпан	Коучинг	Кузенбаева Ж	
Сабақтағы кері байланыс	Мұғалімдерге сабақтағы кері байланыс жайлы, оның классификациясы, әдістері жайлы мәліметтер алуға жағдай жасау	наурыз	коучинг	Несіпбекова А	
Кіріктірілген сабақ	Мұғалімдердің өзара іс-тәжірибе алмасуына жағдай жасау	Сәуір	сабақ	Топ мүшелері	

17	Қорытынды	1 «Ізденіс» шығармашылық тобының жылдық жоспарын қорытындылау 2) 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын құру.	Мамыр	отырыс	Топ мүшелері	
----	-----------	--	-------	--------	--------------	--

«Ізденіс» шығармашылық тобының І тоқсанда атқарған жұмысы туралы  
рефлексиялық есебі  
2023-2024 оқу жылы

Білімді еңбек пен өмірдің өзінде шырдап отыр!  
Сонда ғана білім деп аталатын асыл тас ешқашан тот баспастан  
жалтырай да жарқырай береді. Қаныш Сәтбаев

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті оқушы дайындау.  
Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің  
шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның  
жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай  
таза ұстау - әр мұғалімнің борышы.

Мұғалімдік мамандықта қызмет ете отырып, оқушыларға сай білім  
беру, үнемі ізденіс үстінде болу негізгі міндеті екенін ескере отырып биылғы  
2023-2024 оқу жылына арналған «Ізденіс» кәсіби қоғамдастығының жұмысы  
жоспар бойынша жүргізілуде. Жыл басында топтың жұмыс жоспары топ  
мүшелерімен талқылана отырып құрылды. Әріптестерімізбен бірлесе  
отырып, жоспарды талқылап, қарастыруға болатын негізгі деген бір немесе  
екі сұрақ таптық. Талқылау барысында төмендегі сұрақтар туындады:  
-Шығармашылық топтың жұмысына қандай өзгерістер енгізуге болады?  
-Негізгі байланыс желілері қандай болмақ?

Мектептегі шығармашылық топтың кез-келген мүшесі көшбасшылықтың  
білім саласындағы маңыздылығын жақсы түсінуі тиіс деп ойлаймын.  
4 қыркүйек «Ізденіс» тобының мүшелері бастауыш сынып мұғалімдері Қ.  
Алтаева, Н. Төлегенова «Пәндер бойынша орта мерзімді (күнгізбелік-  
тақырыптық) жоспар, қысқа мерзімді жоспар құруда тренерлік сабақ  
өткізді. Сабақта мұғалімдерге орта мерзімді жоспар, қысқа мерзімді жоспар  
құруда мұғалімдерге әдістемелік көмек беру басты мақсат болды.

3 қазан күні тәлімгер мұғалімдердің ұйымдастыруымен мектептегі жас  
мамандарға әдістемелік көмек көрсету мақсатында «Жас мамандардың  
педагогикалық кәсіптік шеберлігін арттыру» тақырыбында коучинг  
өткізілді. Коучингте сабақта қолданылатын интербелсенді әдіс- тәсілдер  
тәжірибелі мұғалімдердің іс- тәжірибесінен көрсетіліп, жас мамандармен  
кәсіби әңгіме жүргізілді.

Осы тақырыпта өткізілген коучингке мұғалімдердің қатысуы белсенді  
болды. Нәтижесінде әрбір мұғалім өз іс- тәжірибесіне жаңа сипаттағы  
өзгерістер енгізді.

Коучингке қатысушы барлық мұғалімдер өздерінің жасаған іс-әрекеттері  
бойынша әрбір сабаққа талдау, сараптау, бағалау дағдыларын өздеріне  
берілген тапсырмаларды орындай отырып меңгеруді, қалыптастырды.  
Қорыта келе айтарым кәсіби қоғамдастықтағы мектеп көшбасшылары  
мұғалімдердің оқыту тәжірибесіне қолдау көрсету және кәсіби дамуын  
жетілдіруге бағыттап өз жұмысын жалғастырады.

Топ жетекшісі /Қ. Алтаева

«Ізденіс» шығармашылық тобының ІІ тоқсанда атқарған жұмысы туралы  
рефлексиялық есебі  
2023-2024 оқу жылы

2023-2024 оқу жылына арналған «Ізденіс» кәсіби қоғамдастығының жұмысы жоспар бойынша жүргізілуде. Жыл басында топтың жұмыс жоспары топ мүшелерімен талқылана отырып құрылды. Әріптестерімізбен бірлесе отырып, жоспарды талқылап, қарастыруға болатын негізгі деген бір немесе екі сұрақ таптық. Талқылау барысында төмендегі сұрақтар туындады:

- Шығармашылық топтың жұмысына қандай өзгерістер енгізуге болады?
- Негізгі байланыс желілері қандай болмақ?


Мектептегі шығармашылық топтың кез-келген мүшесі көшбасшылықтың білім саласындағы маңыздылығын жақсы түсінуі тиіс деп ойлаймын.

Қараша айының 14-і күні «Ізденіс» тобының мүшелері бастауыш сынып мұғалімдері Қ. Алтаева, Н. «ҚМЖ құру және сабақ жоспарын жақсартудың қадамдары» тренерлік сабақ өткізді. Педагогтерге ҚМЖ құру және сабақ жоспарын жаңа үлгіде көрсету және әдістемелік көмек беру басты мақсат болды. 29 қараша күні топ мүшесі Д. Қайырғалидің ұйымдастырумен «Оқыту мен тәрбиелеудегі құндылыққа бағытталған тәсілдің ерекшеліктері» тақырыбында коучинг өткізілді. Коучингте ұлттық құндылыққа бағытталған тапсырмаларды құру, тапсырмалардың маңыздылығы тәжірибелі мұғалімдердің іс- тәжірибесінен көрсетіліп, педагогтермен кәсіби әңгіме жүргізілді.

Осы тақырыпта өткізілген коучингке мұғалімдердің қатысуы белсенді болды. Нәтижесінде әрбір мұғалім өз іс- тәжірибесіне жаңа сипаттағы өзгерістер енгізді.

12- желтоқсан күні «Ізденіс» тобының мүшесі Б. Ибрагимовнаның ұйымдастырумен «Кері байланыс қағидаттары» тақырыбында коучинг өткізілді. Ересектерді оқыту барысында Ауызша және жазбаша мейілінше сындарлы кері байланыс беруге ықпал жасау, кері байланыс жасау әдістерін көрсету тәсілдерін педагогтермен бірлескен оқу ортасын құру арқылы жүзеге асырды. 25- желтоқсан күні топ мүшесі Оспановна Айнұр «Дарынды балаларды оқытудың тиімді тәсілдері» тақырыбында коучинг өткізді. Коучинг мұғалімдерге дарынды балаларды оқытудың тиімді әдістерін көрсету, тәжірибе алмасу мақсатында өтті.

Коучингке қатысушы барлық мұғалімдер өздерінің жасаған іс-әрекеттері бойынша әрбір сабаққа талдау дағдыларын өздеріне берілген тапсырмаларды орындай отырып меңгеруді, қалыптастырды.

Топ жетекшісі  Қ. Алтаева

«Ізденіс» шығармашылық тобының III тоқсанда атқарған жұмысы туралы  
рефлексиялық есебі  
2023-2024 оқу жылы

2023-2024 оқу жылына арналған «Ізденіс» кәсіби қоғамдастығының жұмысы жоспар бойынша жүргізілуде.

15 қаңтар күні «Ізденіс» тобының мүшесі тарих пәнінің мұғалімі Н. Жайлауов «STEM/STEAM технологияларына негізделген тәсіл» тақырыбында коучинг өткізді. Педагогтерге STEM/STEAM технологияларына негізделген тәсілді сабақта қолдану ерекшелігімен дайындалған слайд арқылы таныстырылым жасады. Қаңтар айында Жас мамандармен іс- тәжірибе алмасу және оларға әдістемелік көмек көрсету мақсатында «Жас келсе, іске» атты жас мамандарға арналған ашық есік күні өткізілді. Ұстаздық жолын жаңадан бастап жатқан әріптестеріміз тәжірибелі мұғалімдердің өткізген сабақтарына қатысты. Әр сабақтан кейін кері байланыс беріп, олармен кәсіби сұхбат жүргізілді. 13 ақпан күні топ мүшесі Ж. Күзенбаеваның ұйымдастырумен сабақта интербелсенді әдіс тәсілдердің тиімділігін көрсету мақсатта «Интербелсенді әдіс-тәсілдер» тақырыбында коучинг өткізілді. 11 наурыз күні топ мүшесі А. Несіпбекованың ұйымдастырумен «Сабақтағы кері байланыс» тақырыбында коучинг өткізілді. Коучингтің мазмұны мұғалімдерге сабақтағы кері байланыс жайлы, оның классификациясы, әдістері жайлы мәліметтер алуға жағдай жасау болды. «Ізденіс» топ мүшелерінің жұмысы нәтижеге бағытталған оқу үрдісін ұйымдастыру бағытында жүргізілді.

Топ жетекшісі  К. Алтаева



**«Бірлік орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**  
**«Ізденіс» шығармашылық тобының жылдық**  
**рефлексиялық есебі**  
**2023-2024 оқу жылы**

Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту – оның кәсіби тәжірибе арқылы үздіксіз өз білімін жетілдіріп, дамып, шыңдауға әкелетін тың жаңалықтарды қабылдау мен меңгерудің қарқынды үдерісі. Педагогикалық тәжірибе- шығармашылық ізденіс, жаңалығы бар тәжірибе, жаңашылдардың тәжірибесі. Ол сонысымен өте құнды әрі мектеп тәжірибесіне жаңалық енгізеді.

2023-2024 оқу жылында «Ізденіс » шығармашылық тобының жұмыс жоспары құрылып, мектеп басшысымен бекітілді.

**Мақсаты:** Денгейлік бағдарламалар бойынша оқыған мұғалімдердің іс-әрекеттерін зерттеп, мектепшілік ұстаздар қауымы арасында кіші топтар құрып, жаңа технологияны өз іс-әрекеттеріне енгізуге бағыт-бағдар беру. Әлемдік педагогикалық тәсілдер мен білім беру тәжірибелері негізінде мұғалімдердің кәсіби біліктілігін дамыту. Жаңа мазмұнға бағытталған оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру және топтық жұмысты оқу үдерісіне енгізе отырып оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға үйрету арқылы оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру.

Жыл басында топтың жұмыс жоспары топ мүшелерімен талқылана отырып құрылды. Әріптестерімізбен бірлесе отырып, жоспарды талқылап, қарастыруға болатын негізгі деген бір немесе екі сұрақ таптық. Талқылау барысында төмендегі сұрақтар туындады:

-Шығармашылық топтың жұмысына қандай өзгерістер енгізуге болады?

-Негізгі байланыс желілері қандай болмақ?

Мектептегі шығармашылық топтың кез-келген мүшесі көшбасшылықтың білім саласындағы маңыздылығын жақсы түсінуі тиіс деп ойлаймын.

4 қыркүйек «Ізденіс» тобының мүшелері бастауыш сынып мұғалімдері Қ. Алтаева, Н. Төлегенова «Пәндер бойынша орта мерзімді (күнтізбелік-тақырыптық) жоспар, қысқа мерзімді жоспар құруда тренерлік сабақ өткізді. Сабақта мұғалімдерге орта мерзімді жоспар, қысқа мерзімді жоспар құруда мұғалімдерге әдістемелік көмек беру басты мақсат болды.

3 қазан күні тәлімгер мұғалімдердің ұйымдастыруымен мектептегі жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету мақсатында «Жас мамандардың педагогикалық кәсіптік шеберлігін арттыру» тақырыбында коучинг өткізілді. Коучингте сабақта қолданылатын интербелсенді әдіс- тәсілдер тәжірибелі мұғалімдердің іс- тәжірибесінен көрсетіліп, жас мамандармен кәсіби әңгіме жүргізілді.

Осы тақырыпта өткізілген коучингке мұғалімдердің қатысуы белсенді болды. Нәтижесінде әрбір мұғалім өз іс- тәжірибесіне жаңа сипаттағы өзгерістер енгізді.

Коучингке қатысушы барлық мұғалімдер өздерінің жасаған іс-әрекеттері бойынша әрбір сабаққа талдау, сараптау, бағалау дағдыларын өздеріне берілген тапсырмаларды орындай отырып меңгеруді, қалыптастырды. Шығармашылық топ жетекшісі ретінде жұмыстың жоспарлы түрде орындалуын қамту, жұмысты жүйелі, нәтижелі ұйымдасуын қадағалау, тәжірибеде пайдалану мақсатында мұғалімдермен кәсіби әңгіме жүргізу, әңгімелесу, сабаққа қатысу, сұхбаттасу жұмыстарын жүргіздім.

Қараша айының 14-і күні «Ізденіс» тобының мүшелері бастауыш сынып мұғалімдері Қ. Алтаева, Н. «ҚМЖ құру және сабақ жоспарын жақсартудың қадамдары» тренерлік сабақ өткізді. Педагогтерге ҚМЖ құру және сабақ жоспарын жаңа үлгіде көрсету және әдістемелік көмек беру басты мақсат болды. 29 қараша күні топ мүшесі Д. Қайрғалидің ұйымдастырумен «Оқыту мен тәрбиелеудегі құндылыққа бағытталған тәсілдің ерекшеліктері» тақырыбында коучинг өткізілді. Коучингте ұлттық құндылыққа бағытталған тапсырмаларды құру, тапсырмалардың маңыздылығы тәжірибелі мұғалімдердің іс- тәжірибесінен көрсетіліп, педагогтермен кәсіби әңгіме жүргізілді.

Осы тақырыпта өткізілген коучингке мұғалімдердің қатысуы белсенді болды. Нәтижесінде әрбір мұғалім өз іс- тәжірибесіне жаңа сипаттағы өзгерістер енгізді.

12- желтоқсан күні «Ізденіс» тобының мүшесі Б. Ибрагимовнаның ұйымдастырумен «Кері байланыс қағидаттары» тақырыбында коучинг өткізілді. Ересектерді оқыту барысында Ауызша және жазбаша мейілінше сындарлы кері байланыс беруге ықпал жасау, кері байланыс жасау әдістерін көрсету тәсілдерін педагогтермен бірлескен оқу ортасын құру арқылы жүзеге асырды. 25- желтоқсан күні топ мүшесі Оспановна Айнұр «Дарынды балаларды оқытудың тиімді тәсілдері» тақырыбында коучинг өткізді.

Коучинг мұғалімдерге дарынды балаларды оқытудың тиімді әдістерін көрсету, тәжірибе алмасу мақсатында өтті. Коучингке қатысушы барлық мұғалімдер өздерінің жасаған іс-әрекеттері бойынша әрбір сабаққа талдау дағдыларын өздеріне берілген тапсырмаларды орындай отырып меңгеруді, 15 қаңтар күні «Ізденіс» тобының мүшесі тарих пәнінің мұғалімі Н. Жайлауов «STEM/STEAM технологияларына негізделген тәсіл» тақырыбында коучинг өткізді. Педагогтерге STEM/STEAM технологияларына негізделген тәсілді сабақта қолдану ерекшелігімен дайындалған слайд арқылы таныстырылым жасады. Қаңтар айында Жас мамандармен іс- тәжірибе алмасу және оларға әдістемелік көмек көрсету мақсатында «Жас келсе, іске» атты жас мамандарға арналған ашық есік күні өткізілді. Ұстаздық жолын жаңадан бастап жатқан әріптестеріміз тәжірибелі мұғалімдердің өткізген сабақтарына қатысты. Әр сабақтан кейін кері байланыс беріп, олармен кәсіби сұхбат жүргізілді. 13 ақпан күні топ мүшесі

Ж. Күзенбаеваның ұйымдастырумен сабақта интербелсенді әдіс тәсілдердің тиімділігін көрсету мақсанда «Интербелсенді әдіс-тәсілдер» тақырыбында коучинг өткізілді. 11 наурыз күні топ мүшесі А. Несіпбекованың ұйымдастырумен «Сабақтағы кері байланыс» тақырыбында коучинг өткізілді. Коучингтің мазмұны мұғалімдерге сабақтағы кері байланыс жайлы, оның классификациясы, әдістері жайлы мәліметтер алуға жағдай жасау болды. Өзара сабаққа қатынасу, тәжірибе алмасу – мұғалімнің кәсіби өсуінің факторларының бірі. Сәуір айында мұғалімдер өзара іс-тәжірибе алмасып, бір-бірінің сабағына қатысып, тәжірибелерімен бөлісті.

Қорыта келе айтарым кәсіби қоғамдастықтағы мектеп көшбасшылары мұғалімдердің оқыту тәжірибесіне қолдау көрсету және кәсіби дамуын жетілдіруге бағыттап өз жұмысын жалғастырады. «Ізденіс» топ мүшелерінің жұмысы нәтижеге бағытталған оқу үрдісін ұйымдастыру бағытында жүргізілді.

Топ жетекшісі  К. Алтаева

Алматы облысы, Балқаш ауданы, Бірлік ауылы,  
«Бірлік орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесінің  
бастауыш сынып мұғалімі Алтаева Қарлығаш Исановна,  
тарих пәнінің мұғалімі Естаулетова Жадыра Умерғалиевна

### Шеберлік сабағы жоспары:

**Тақырыбы:** Пәндер бойынша озық тәжірибелерді зерттеу, жинақтау, тарату, енгізу жұмыстарын әдістемелік жетілдіруде педагогтарға кәсіби қолдау.

**Мақсаты:** Қазіргі заманғы педагогиканың озық тәжірибесін терең зерделеу, іс-әрекетіне қатысу. Педагогтардың сапалы және инновациялық қызметі үшін оңтайлы жағдайларды туғызу.

**Күтілетін нәтиже:** Педагогтар озық тәжірибесін сапалы және инновациялық қызметін оңтайлы жағдайды туғыза отырып, терең зерделеу, тарату, іс-әрекетіне қатысады.

**Мақсатты аудитория:** Тірек мектептерінің мұғалімдері

**Әдістері мен тәсілдері:** топтық жұмыстар орындау, жетістік критерийлерін қолдана отырып өз-өздерін бағалау.

- Тақырыпты меңгеруге қолайлы психологиялық атмосфера қалыптастыру
- Шеберлік сабағынан күтілетін нәтижені ортаға салу
- Озық тәжірибе тарату туралы түсінік беру
- Озық тәжірибелердің түрлерімен таныстыру
- Топтық жұмыстар орындау
- Жетістік критерийлерін құру
- Қорытынды
- Кері байланыс

**Құрал-жабдықтар:** интерактивті тақта, постерлер мен маркерлер, бейнероликтер, таныстырылым.